

# АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ



«Антика философиясы» деген термин мың жылдан аса тарихы бар грек-рим философиясын білдіреді. «Антик» сөзінің латын тілінен аударғанда «көне» деген мағынаны білдіретінін ескерсек, бұл жалпы философиялық ой дамуының бастапқы кезеңін аңғартар еді. Алайда, қалыптасқан дәстүр бойынша антик дәуірі тек батыстың көне заманын білдіріп, осы грек-рим әлеміне қатысты айтылады. Ал, хронологиялық шеңберіне келер болсақ, антик философиясы өзінің бастауын б.з.д. 7-6 ғасырдан алып, ал оның аяқталуы б.з. 529 жылы император Юстинианның барлық христиандық емес философиялық мектептерді ресми түрде жаптырған датасымен байланыстырылады. А.С. Богомолловтың айтуынша оның ішіндегі үш ірі кезеңді айқындауға болады: антик философиясының қалыптасуы немесе Сократпен аяқталатын ерте классика (б.з.д. 7-5 ғ.); классикалық грек философиясы (б.з.д. 4 ғ.); эллиндік-римдік философия (б.з.д. 3 ғ. – б.з. 5 ғ.).

*Дж.Реале мен Д.Антисери антикалық философия дамуының төмендегідей жетілдірілген жүйесін ұсынады:*

*1. Б.з.д. VI және V ғасырлар аралығын қамтитын физис және космос мәселерімен айналысқан натуралистік кезең. Мұның өкілдері қатарына иониялықтар, пифагоршылдар, элеаттар, физик-плюралистер және физик-эклектиктер жатады.*


*2. Адам болмысының мәнін айқындаумен тұңғыш айналысқан гуманистік кезең. Бұл кезеңнің басты өкілдері—софистер және Сократ.*

*3. Сезімнен тыс әлемнің ашылуы және негізгі философиялық мәселелерді органикалық түрде қарастырған Платон мен Аристотельдің үлкен синтезі кезеңі.*

*4. Александр Македонский жорықтары дәуіріндегі эллиндік мектептердің—кинизм, эпикуреизм, стоицизм, скептицизм және эклектицизм бағыттарының дәуірі.*

*5. Антикалық дүниетанымдық ойының діни дәуірі - неоплатонизм және оның модификацияларының қайта жандану кезеңі.*

*6. Христиандық ойдың қалыптасуы және грек философиясының категориялары тұрғысында жаңа діннің догмаларын рационалды қалыптастыру кезеңі.*



*Эпикуреизм - жеке бастың игілікті болуының философиясы ретінде. Эпикуреизм- Эпикур негізін қалаған, соның атымен аталған ежелгі гректік және римдік философиядағы материалистік бағыт. Эпикурлықтар Афинада эпикурдың өз мектебіне қалдырған бақшасында жиналатын.*

Стойцизм- Субъективтіліктің мәні неде деп сұрайды? Субъективтің мәні сөзде. Сөздің мазмұндық маңызында, яғни Лектондат, Лектон бұл- мән. Лектон дұрыс және теріс пікірлердің үстінде тұрады. Бұл жерде сөз жалпы талдау туралы олып жатыр. Лектон адамның ішкі дүниесінде де жүзеге асырылады. Сол кезде атараксия болады. Атаракся дегеніміз- көңіл-күйдің қалыпқа түсуі, болар-болмасқа селк етпеуі, күйінбеуі. Стоиктер дүниені дұрыс танып, оның логосын, заңын толық танып, сол заңмен үйлесімді өмір сүріп, көңіл-күйі бір қалыпта, тыныштықта болады деп қарастырды. Стоиктердің қойған мәселесі: егер адам түрлі заңдарға тәуелді болса, ол қандай шамада бостандықта болады? Бұл мәселемен қаншалықты айналысқанмен, философтар әрі күнге дейін шешімін тапқан жоқ.



*Киниктер немесе өмірдің табиғи салтын іздестіру философиясы. Киниктер (грек. *κυνος*- ит) – Байырғы Грецияда Сократтың оқушылары тарапынан негізделген этикалық мектептің өкілдері. Киниктер мектебін Антисфен негіздесе де, атағын Диоген шығарған.*



*Философия тарихы адам баласының, бүкіл адамзат тарихының өзіндік санасы. Антикалық философия өзінің көптеген мектептерімен, бағыттарымен ерекшеленеді. Грек даналығы адамның дүние танымында ерекше орын алады. Дүниенің «алғашқы бастамасын» іздеу жолындағы танымдық іс-әрекетте көптеген философиялық «алғыр ойлар» қалыптасты. Олар: дүниенің бірлігі /біртұтастық/, материалдылығы, дүниенің шетсіз-шексіздігі, атомизм т.б. Бұл идеялардың эвристикалық маңызы бүгінгі философияда және ғылымда өте зор. Антикалық философияның космоцентрлік сипаты табиғат пен адам бірлігінің айғағы және дүниенің біртұтастығында.*



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗ  
ҮШІН РАХМЕТ!**